

## **1- 11 сыныптарға арналған салтанатты жиынының және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында республикалық сынып сағатының өткізілуі туралы Ақпарат**

1 қыркүйек-Білім күні. Білім күні- әсіресе мектеп табалдырығын тұңғыш рет аттағалы тұрған, жаңа өмірге қадам жасаған бірінші сынып оқушылары үшін қуанышты күн. Бұл олардың жадында сақталатын және тебірене еске алатын күн болады.

№19 ЖОББ мектебінде салтанатты жиын мен сынып сағатын өткізу кестесі құрылды. Барлық іс-шаралар кесте бойынша уақытылы өткізілді.

Салтанатты жиындар кестеге сай ашық ауада, мектеп ауласында өткізілді. Іс-шараға 1-11 сынып оқушылары және ата-аналары қатысты. Салтанатты жиында мектеп директоры К.К.Шаймерденов, Қамқоршылық кеңестің төрағасы М.У. Ибраев, ардагерлер ұйымының төрайымы Г.М Жакупова мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы тұрған жас бүлдіршіндерді және оқушыларды құттықтады. Еңбек ардагері Г.Б.Миненко 2 «В» сыныбында өткен алғашқы сынып сағатына қатысты.



Салтанатты жиыннан кейін 1-11 сыныптарда «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында республикалық сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағаттарында оқушылар өздерінің Отанға, өз еліне деген сүйіспеншіліктерін, отансүйгіштік, елжандық сезімдерін білдірді. Білім күніне арналған іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді.